



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық ағенімізі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Жұртымыз үшін ең үлкен марапат – елдің тыныштығы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында сөйлеген сөзі



Қадірлі отандастар!
Құрметті Ассамблея мүшелері!

Бүгінгі басқосудың тарихи маңызы айрықша. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Баршаңызға құтты болсын! Бұл – бүкіл Қазақстан үшін айтулы оқиға. Осы уақыт ішінде Ассамблея қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. Еліміздегі бірлік пен теңдіктің, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналды. Этносаралық қатынас саласындағы теңдессіз қоғамдық институт ретінде танылды. Соның арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі қалыптасты.

Ассамблея тарихы еліміздің егемендік жылнамасымен тығыз астасып жатыр. Ұйым 1995 жылы Қазақстанның

тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылғанын білесіздер. Бұл бастама қазақ мемлекеттілігі қалыптасып жатқан қиын кезеңде терең саяси мәнге ие болды. Консултивативтік-кеңестік орган ретінде жасақталған Ассамблеяға 2007 жылы конституциялық мәртебе берілді. Ұйым жалпыұлттық бірліктің негізгі моделіне айналды. Елімізде соңғы жылдары атқарылған ауқымды өзгерістердің арқасында Ассамблея қызметі жасампаздықтың жаңа сипатына көтерілді. Сенаттың бес депутатын Ассамблея кеңесінің ұсынысымен Президент тағайындайды. Бұл қадам заңнамалық деңгейде барлық этностың мүддесін қорғау мүмкіндігін едәуір арттырды. Оған қоса, Қазақстан парламентаризмі тарихында алғаш рет «Бір ел – бір мүдде» атты палатааралық депутаттар тобы құрылды. Бұл топ қоғамдық

келісімді нығайту мәселелерімен айналысады. Қазір мемлекеттік органдар түгел Ассамблея жұмысына атсалысады. Министрілердің, облыс әкімдері мен барлық деңгейдегі мәжілісаттардан бастап ауыл әкімдеріне дейін одан шет қалмайды. Ассамблея қоғамдық ұйымдармен және институттармен тығыз байланыста жұмыс істеп, еліміздің ішкі саясатын жүзеге асыруға белсене атсалысып келеді. Осылайша, мемлекет пен қоғам арасында сындарлы әрі жемісті сұхбат, яғни диалог орнатуға ықпал етуде. Қазақстан халқы Ассамблеясының 12 мүшесі Ұлттық құрылтай құрамында табысты еңбек етіп, елдік бастамаларға өз үлесін қосып жатыр.

Ассамблея сессиясы жыл сайын өтеді. Онда қабылданған шешімдерді мемлекеттік органдар міндетті түрде ескеруге тиіс. Сессиялар аралы-

ғындағы жұмысты Ассамблея кеңесі атқарады. Оның құрамына этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, министрлер мен әкімдер кіреді.

ҚХА Хатшылығы Президент Әкімшілігінің дербес құрылымдық бөлімі саналады. Барлық өңірде Достық үйі бар. Онда мыңнан астам этномәдени бірлестіктер орналасқан. Сондай-ақ облыс әкімдіктерінде «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемелері құрылды. Ассамблея құрылымында төрт мыңнан астам қоғамдық ұйым жұмыс істейді. Бұл ұйымдардың мақсаты – бір, бұл – азаматтарымызды елдік маңызы бар жұмысқа тарту, яғни ортақ іске жұмылдыру. Мысалы, Ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесі отбасы институтын нығайтуға, жалпыұлттық құндылықтарды дәрiптeуге атсалысып, ауқымды жұмыс жүргізуде. Бүгін әріптесіміз Ахмед Мурадов және басқа да Ассамблея мүшелері ҚХА ардагерлерінің «Адал азамат» бірінғай тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға белсене кіріскенін атап өтті. Өткен жылы Еңбек күнінде Сенат пен Мәжіліс депутаттары Ассамблея мүшелерімен бірге еліміздің ірі кәсіпорындарына барып, өндіріс ардагерлеріне құрмет көрсетті. Бұл бастаманы Еңбек күнін атап өтудің жаңа дәстүрі ретінде биыл да жалғастыруға болады. Осылайша, Ассамблея бүгінде қоғамдық келісімнің бірегей инфрақұрылымын қалыптастырған қуатты тармақтары бар институтқа айналды. Жер жүзінде мұндай бірегей ұйым құра білген мемлекет кемде-кем. Ассамблеяның арқасында еліміздегі барлық этностар Қазақстандағы оң өзгерістердің бел ортасында жүр. Қазақстанның Еңбек Ерлері Георгий Прокон, Владимир Розметов, Юрий Пя, Иван Сауэр, Борис Князев, Алина Соловьева, Вадим Басин, Александр Хмелев, Геннадий Зенченко және басқа да тұлғаларды азаматтық жауапкершілік пен Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісі деп айтуға болады. Олар – бүгінгі заманның адал азаматтары, Қазақстанның дамуына мол үлес қосқан тұлғалар.

Ассамблеяны жанашыр әрі белсенді азаматтардың жолын ашатын шынайы саясат мектебі және тиімді әлеуметтік баспадақ деуге болады. Этномәдени бірлестіктерде, Ассамблеяның түрлі құрылымдарында өте білікті мамандар еңбек етуде. Мен жалпыұлттық бірлік пен татулықты нығайту жолында адал

Былтыр көктемгі су тасқыны кезінде азаматтарымыз зардап шеккен жандарға көмек қолын созып, ырысты ынтымақ пен бірліктің тамаша үлгісін көрсетті. Ассамблеяның «Жүректен жүрекке» жобасы аясында 12 мыңнан астам ерікті ортақ іске жұмыла кірісті. Олар гуманитарлық көмек пен жылу жинады. Қираған үйлерді қалпына келтіруге атсалысты. Жалпы ел бірлігін нығайту ісінің стратегиялық маңызы ерекше. Соның айқын дәлелі ретінде Ассамблеяның «Ел бірлігі» ордені атты жаңа мемлекеттік награда тағайындалды. «Бірлік» ұғымы қазіргі дүние жүзіндегі тұрақсыз жағдайда аса маңызды. Әлемде, әсіресе, біздің айналамыздағы кейбір елдерде не болып жатқанына бәріміз куә болып отырмыз. Сондықтан шын мәнінде, «Бірлік бар жерде ғана тірлік бар». Бұл – ақиқат.

Ассамблея қоғамда кәсібилік және еңбекқорлық құндылықтарын дәрiптeуге белсене атсалысып келеді. Александр Папп Ассамблеяның Жұмысшы мамандықтары жылын өткізуге және еңбек кіріскенін атап өтті. Өткен жылы Еңбек күнінде Сенат пен Мәжіліс депутаттары Ассамблея мүшелерімен бірге еліміздің ірі кәсіпорындарына барып, өндіріс ардагерлеріне құрмет көрсетті. Бұл бастаманы Еңбек күнін атап өтудің жаңа дәстүрі ретінде биыл да жалғастыруға болады. Осылайша, Ассамблея бүгінде қоғамдық келісімнің бірегей инфрақұрылымын қалыптастырған қуатты тармақтары бар институтқа айналды. Жер жүзінде мұндай бірегей ұйым құра білген мемлекет кемде-кем. Ассамблеяның арқасында еліміздегі барлық этностар Қазақстандағы оң өзгерістердің бел ортасында жүр. Қазақстанның Еңбек Ерлері Георгий Прокон, Владимир Розметов, Юрий Пя, Иван Сауэр, Борис Князев, Алина Соловьева, Вадим Басин, Александр Хмелев, Геннадий Зенченко және басқа да тұлғаларды азаматтық жауапкершілік пен Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісі деп айтуға болады. Олар – бүгінгі заманның адал азаматтары, Қазақстанның дамуына мол үлес қосқан тұлғалар.

Ассамблеяны жанашыр әрі белсенді азаматтардың жолын ашатын шынайы саясат мектебі және тиімді әлеуметтік баспадақ деуге болады. Этномәдени бірлестіктерде, Ассамблеяның түрлі құрылымдарында өте білікті мамандар еңбек етуде. Мен жалпыұлттық бірлік пен татулықты нығайту жолында адал

қызмет етіп жүрген Ассамблеяның барлық белсенді азаматтарына шынайы алғысымды айтамын. Туған жерге пайдмды тігізсем деген алғаусыз ниетті өмірінің мәніне айналдырған олар нағыз отаншылдық пен адал азаматтың үлгісін көрсетті.

Ассамблея Төрағасының қоғамдық орынбасарлары ретінде жыл бойы лайықты еңбек еткен Лугмар Харкиевич Буларов пен Юрий Германович Шинге ризашылығымды білдіремін. Ассамблея Төрағасының орынбасарлары болып жаңадан тағайындалған Дмитрий Валерьевич Останькович пен Расул Сурмалиевич Ахметов – қоғам құрметтейтін абыройлы азаматтар. Олардың білімі мен білігі Ассамблеяға үлкен пайдасын тигізеді деп сенемін.

Әр жылдары елімізде түрлі диалог алаңдары мен қоғамдық органдар құрылды. Алайда бүгінгі мерейтойлық жағдайда Ассамблеяның қоғамда ортақ мақсатқа жұмылдыру мен ұлттық бірегейлікті бекіту ісінде баламасы жоқ басты платформаға айналғанын жөне алдағы уақытта да солай болып қала беретінін атап өткім келеді. Ассамблея – мемлекеттімізге арқау болған аса маңызды құрылым. Бұл – Ассамблеяға артылатын жүктің салмағы да жеңіл емес деген сөз. Ұлттық мүдделерімізді қорғап, егемендігімізді нығайту – қастерлі парыз. Мұны Ассамблея мүшелері терең сезінеді деп ойлаймын. Ассамблея барша азаматтарды ортақ құндылықтар мен мақсаттарға жұмылдыратын жалпыұлттық орган ретінде жұмыс істеуі керек. Басты міндет – Қазақстан халқының татулығы мен ауызбіршілігін, мемлекетіміздің тұтастығы мен киелі Тәуелсіздігімізді нығайту. Алдағы уақытта да солай болып қала бермек. Біз болашақта да осы бағытта нақты шаралар қабылдаймыз. Мен 2022 жылы Ассамблеяның дамуына тұлғаларымыздың қолдауын сұраймын. Мемлекетіміздің дамуына жол ашатын жаңа әдіс-тәсілдер көрініс табуы керек. Сондай-ақ Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық этностардың құқықтарын қорғауға арналған негізгі қағидаттар көрсетілуі тиіс.

Жалғасы 2-бетте

Бағдарлама игілігі

Ауылдағы жылыжай

Мөрәлі Шәменов ауылындағы Айымкүл Мәдібергенқызы 2013 жылдан бері жылыжай ісімен айналысып келеді. Осыған дейін кәсіпорындары қатты отынмен жылытқан апамыз жуырда ауылға газ кіріп, қолының ұзарғанын айтты. Жылыжайды осыған дейін көктемнің басында іске қосса, биыл ақпан айының басында көкөністердің күтімін жасауға кіріскен.

Иә, көктем ортасынан ауа бере қарапайым жұрт ауласындағы жерін дайындап, көкөніс баптап, бақша салудың қамына кіріседі. Бұл уақытта жұрт көшетті таласып алып жатады. Әрине, ерте көктемде, яки қыс аяғында үйіне арнайы ыдыстарға тұқым тастап, оны осындай уақытта сыртқа шығаратын пысықайлар да жоқ емес. Бірақ ондайлар көп те емес, реті келсе, дайын көшетті ұяшықтарға орналастырып, өнімінің ертерек ескенін қалайды.

Сәуір айынан бері түрлі көшеттердің бағасы түспей тұр, өйткені сұраныс көп. Қазірдің өзінде Айымкүл апамыздың жылыжайында бапталған көкөніс көшеттеріне Қармақшы мен Сырдария аудандарынан да сұраныс артқан. Оған өзіміздің Жалағаш көңі мен ауылдық елді мекендерді қосыңыз. Биыл кәсіпкердің екінші жылыжайды іске қосуы да сондықтан. Бір ғана жылыжаймен барлық тапсырысты орындау мүмкін емес, тіпті кәсіпорын сыртына да қияр мен қызанақ, түрлі гүлдер еккен. Барлығын қарапайым тамшылатып суару әдісімен қоректендіруде.

Ауылдағы Пұсырмановтар отбасы былтыр да ауылдағы шағын жылыжайды іске қосып, онда көкөністің бірнеше түрін баптаған. Отағасы Бағдат Пұсырманов былтыр көктемде көшет алуға жұрттың көзекте тұрғанын жеткізді. Оның өтімділігі соншалық, бір жылға әзірлеген көшеттер бір жетіде өтіп кетті. Мұнан кейін де тапсырыс көп болған, бірақ оның

бәрін қамтамасыз етейін десе, жылыжай көлемі кіші. Ал биыл ондай уайым жоқ, себебі үй ауласынан екінші жылыжай жұмыс істеп тұр.

Не керек, кәсіптің бұл түрінде мол пайда барын түсіне қойған Бәкең отбасымен ақылдасып, кәсібінің көжігігін кеңейтуді мақсат етеді. Қолда бар қаражатты осыған дейінгі жылыжайдың құрылысына жұмсаған. Екі жыл бұрын Пұсырмановтар отбасы қайтарымысыз грантқа құжат тапсырып, дәл осы жобаны қорғауға бел бұған. Абырой болғанда комиссия мүшелері Пұсырмановтар отбасының жарқын жобасын қолдап, «қайтарымысыз қаражат беру» лайық» деген шешімге келді. Ал нәтижесін кеше көзімізбен көрдік.

Қай көкөніске қандай күтім керек, бұл жағы Бәкеңнің жары Айымкүл апамызға таңсық емес. Себебі бүгінгі бағбанның әкесі ертеректе ауылға мәлім диқан болған деседі. Әкесінің қасында жүріп, бала кезінде мұның бәрін зердесіне қүйған Айымкүл апамыз бүгінде көрген-білгенін балаларына үйретіп келеді. Олар да ата-анасына қолғабыс болып, отбасылық бизнестің көжігігін кеңейтіп отыр.

Былтыр шағын жылыжайда қызанақ, қырыққабат, қияр, ащы бұрыш, тұщы бұрыш, баклажан сынды көкөністің онға жуық түрі егілген. Жоғарыда айтқанымыздай, мұның барлығы аз уақытта өтіп кетіпті. «Өзімізге аулаға орналастыратын көшет те қалмады ғой» деп күледі Айымкүл апамыз.

Зер салсақ, жылыжай құрылысына айтарлықтай көп қаражат кетпеген.

Айналдыра қоршау темірлерді тапсырыспен жасатқан демесеніз, сырты толықтай көңіл салафанмен қаптаған. Қыстың ортасында тастаған тұқымы бүгінде сатылымға дайын тұр. Арнайы ыдыстарға орналастырылған көшеттердің алды сатылымға шығып жатыр. Біз барған күні Қармақшы ауданының Ақжар ауылынан келген жылыжай өнімінің тұтынушылары қызанақ пен қиярдың көшеттерін көптеп алып кетті. Айымкүл апай олардың осыдан бір жеті бұрын тапсырыс беріп қойғанын айтады.

—Әкем ауылға белгілі диқан болды, тіпті үй ауласын да уақытында баққа айналдырды. Қазір қарашанырақта інім тұрады. Осы әулетке келін болып түскелі мен де әкемнен үйренгеніммен ауланы көкөніске толтырдым. Кейін жылыжай ашуды жоспарладым. Бұрын үй ауласындағы сарайда ыдыс-тарға гүлдер мен көкөніс көшеттерін дайындап сатқанмын. Тапсырыстың артуы менің жылыжай ашуыма себеп болды. Қазір мұнымен айналысып жатқанымға он жылдан асты. Жылыжайдың бір жағында көкөніс көшеттері дайындалса, екінші жағында қызанақ пен қиярды тұтыну мақсатында өсіріп отырмын. Түйнектің алды пісіп, сатылымға шықты, ауысқаным өзіміз де тұтындық. Былтырға дейін тек тапсырыспен ғана егетінбіз, биыл артықтау көкөніс көшеттерін дайындадық, бірақ ешқайсысы ауысып қалған жоқ, барлығы өтіп жатыр. Осыған дейін аудан орталығындағы базар маңына барып сататын едік,



биыл өздері алып кетеді. Сұраныс жоғары, – дейді Айымкүл Мәдібергенқызы.

Міне, осындай уақытта өнімінің бұл түріне қаншалықты сұраныс болатынын жылыжай иесінің сөзінен-ақ бағамдай беріңіз. Қазір дайын өнімдерді сақтайтын шағын жылыжайда баклажан, ащы бұрыш, тұщы бұрыш, қызанақ, қияр сынды көкөністің 7-8 түрі бар. Ал үлкен жылыжайда қызанақ гүлдеп, қияр да екінші түйнек алған. Бұйыртыс, кәсіпкер оларды да алдағы аптаның

аяғында сатылымға шығармақ. Мұның бәрін бағбан тамшылатып суару әдісімен шығарып отыр.

Айта кетейік, соңғы жылдары М.Шәменов ауылында кәсіпкерлік саласы қарқынды дамып келеді. Әсіресе қайтарымысыз грант ауыл кәсіпкерлеріне үлкен дем беріп отыр. Олардың қатарында Бағдат ағамыз да бар. Ал енді бірі кондитерлік өнімдер әзірлеуді қолға алса, қалғаны мал шаруашылығында табысқа жеткен.

Ауыл аудан орталығына ең жақын орналасқан елді мекендер қатарында.

Бұл да жергілікті жұрттың кәсіп бастауына үлкен көмек болып отыр. Себебі ауылда өндірілген өнімдерге Жалағаш көңінен де көптеп сұраныс түсіп жатыр. Бір байқағанымыз, ауыл тұрғындарының бұл мүмкіндікті құр жбергісі жоқ.

Айымкүл апай алдағы жылы жылыжайда егілетін өнім көлемін көбейтпек, бұған да басты себеп – сұраныстың артуы.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

ТАНЫМ

Тұлға

Ғұмырын ғылымға арнаған ғалым

Жалағаш топырағы ел басына қиын күн туған қилы кезеңде байтақ жерді кейінгі буынға аманаттаған батырларға, қоғам қайраткерлеріне, бір ауыз сөзімен бүтін бір елді аузына қаратқан абыз ақсақалдарға, Сұлтанмахмұтша айтсақ, қараңғылықтың көгінде қазақты күн етер ағарту саласының майталмандарына кенде емес. Ал есіл өрлердің ел үшін еткен еңбектерін кейінгі буынға аманаттауда да қажыр-қайратымен, жиған ілімімен, ізденімпаздығымен тер төккен аға буын өкілдері де жетіп артылады. Өскелең ұрпақ сол алдыңғы буынның бойындағы өрлікті, ерлікті, Отанға деген адалдықты бойына сіңіріп өссін деген мақсатпен қолына қалам алып, құнды дүниелерді өмірге әкелген атпал азаматтар да жоқ емес. Біз қазіргі таңда жастарға жігер берер тарихи туындылар мен ғылыми еңбектерді жарыққа шығаруда табанды жұмыс жасай білген жандар жөнінде қалам тербесек, қоғам қайраткерлерінің ерлік істерін, қиын кезеңде ел болашағы үшін қабылдаған маңызды һәм тарихи шешімдерінің мән-мағынасын жас ұрпаққа аманаттауға сүбелі үлес қосқан белгілі ғалым, жүргеновтанушы Бауыржан Иманғалиев ағамызды айналып өтейміз.



Осыдан бірнеше жыл бұрын Бау-кеннің туған жерге табан тірегенін естіп, арнайы жүздесіп, өткен тарихтан тағылымды дүниелер айтып қалар деген оймен арнайы алдына барғаны-мыз бар. Өзі ғылым саласында жүрген-дер көпшілікпен емен-жарқын сөйлесу мәнерін еркін меңгерген болып келеді ғой. Себебі тарихи тұлғалар жөнінде қажетті деректер жинақтауда бұл ғалымдардың басты құралы екені сіз бен бізге айтпаса да аян. Ойымдағыдай бұл қасиет ғылым саласында бәлгерлі еңбегімен елдің алғысына бөленген Баукеннің де бойында бар болып шықты. Аға буынем өзi қатарлы, кіші буынем өз санатында танымды дү-ниелерді жеткізу атпал азамат үшін таңсық емес.

Қазір өгемендік алғалы қилы кезеңде ұлт үшін ұтымды ұсыныс ай-тудан қаймықпай, тәуелсіздік жолында жаңын құрбан өткен оғландардың қай-қайсысының болсын өмір жолын бүгінгі буынға аманаттаймын десең, жол ашық. Себебі бүгінгідей бейбіт заманды бізге аманаттаудың әр жағында сол батыр бабалардың қолтаңбасы жатыр. Ал Бауыржан Иманғалиев – тәуелсіздік жылдардың басында бірқатар қысымға тойтарыс бере отырып, ел өгемендігінің іргетасын қалауда қажыр-қайратымен еңбек еткен қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновті бүгінгі буынға кеңінен насихаттауа аянып қалмаған белгілі ғалым.

Еліміз қуғын-сүргін жылдарды артта қалдырды дегенмен қазақ жерінде сол кездегі солақай саясат Бауыржан ағамыздың жастық шағында әлі де жүріп жатты. Сонда да көудегідей ұлтқа деген шынайы сезім, елге, жерге деген санадағы патриоттық көзқарас қандай қысымына да қарамайды екен. Ал ол үшін өткенге бір сәт көз жүгіртпеу мүмкін емес.

Қазаққа, жалпы біздің елдегі қо-ғамды түзеуге бар күшін сарп еткен бір жан болса, ол – Темірбек Жүргенов. Қоғам қайраткерінің сан саладағы өрен еңбегін әлі де жұрт толық біл-мейді. Ғылыми еңбектер жазылып, нақты дәйектер де келтірілді. Алайда ендігі міндет – насихат. Осы міндетті ғылым саласына алғаш аяқ басқан шақтың өзінде-ақ өзіне азаматтық парыз етіп алған Баукең саналы ғұмы-рында тағылымды дүниелерді жарық-қа шығаруда жемісті еңбек ете білді. Рас, атпал азамат айтқандай, біздің осындай қайраткерлеріміздің өмір жо-лын дәріптеуде ұтарымыз көп. Қазір заман тыныш, бауырымыз бүтін, басымыз аман. Осындай бейбіт өмір-де алдыңғы буыннан тәлім алып, елге, жерге, ұлтқа қызмет ететін деушілерге дәл сол кездегідей ешқандай қысым жоқ. Сондықтан ұлт болашағы мен өс-келең ұрпаққа руханиятты насихаттау жұмыстарын күшейтуді Бауыржан аға-мыздың өз-өзіне міндеттеуі де орынды.

Бауыржан Иманғалиев Темірбек Жүргеновтың өмір жолы жайында ғы-лыми еңбектер жазуда қоғам қай-раткерінің бүгінге дейін айтылмаған қырларың өз туындыларына арқау өте білді. Ал мұндай құнды мәліметтер жинау қаншама уақыт, үлкен ізденісті қажет ететіні анық. Сөз жоқ, өткен ғасырдың отызыншы жылдары «Темір-Нарком» атанған Темірбек Жүргеновтің есімі бүгінде ісі қазаққа етене таныс.

Ол – Қазақстан мен Орталық Азия республикаларындағы оқу-ағарту, мәдениет және әдебиет саласының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қай-раткері, сыншы-көсемсөзші. Темірбек Қараулының мемлекет қайраткері ретіндегі тұлғасы одан әрі жан-жақты сомдау үшін осы саладағы қызметімен қатар әдеби-публицистикалық мұрасын да түбегейлі зерттеп, мәдениетіміз бен әдебиетіміздің тарихында алатын орнын нақпа-нақ белгілеу міндеті кейінгі ұрпаққа жүктелді. Осы ретте студент кезінен әдеби-мұрасын ғылыми айналымға түсіріп, терең талдап, ал-ғаш диссертациялық деңгейде зерт-

теп, Нарком туралы жазған «Те-мірбек Жүргенов» атты Бауыржан Иманғалиевтың үшінші кітабы оқыр-ман олжасына айналды. Автор бұл еңбекте Қазақстан, Ресей, Әзбекстан мұрағаттары мен кітапханаларының сирек қолжазбалар қорларында сақ-талған Т.Жүргеновтың құнды еңбек-терін алғаш рет түпнұсқа негізінде тауып, араға сексен жыл уақыт салып, оқырмандармен қайта табыстырды.

Бауыржан ағамызбен екеуара диа-лог барысында «Қуғын-сүргін жыл-дары артта қалды дегенмен, сіз бұл еңбекті жазар уақыт тәуелсіздіктің алғашқы жылдары болатын. Қандай да бір тараптан қайраткердің өңегелі өмір жолы тұрғысында ғылыми еңбек жазуға ешқандай қысым болған жоқ па?» деген сауал жолдаған едік. Белгілі ғалым бұл еңбегіне қазақтың біртуар азаматы, зерттеуші ғалым, әдеби ғы-лымдардың көрнекті өкілі Зейнолла Қабдолов жетекшілік еткенін айтып, осы кісінің берген бағыт-бағдарының арқасында бұрын ешкімнің қолы ти-меген мәліметтерге қаныққанын жа-сырмады.

Қарап отырсаң, жәй ғана ғылыми еңбек сияқты. Бірақ автор бұл дүниеге салмақпен қараған. Оны оқыған жан тез аңғара қояды. Себебі онда көтерілейін деп тұрған тақырып соған лайық еді. Баукең жоғарыда жолдаған сауалымызға ешқандай та-раптан ашықтан-ашық қысым, не тос-қауыл болған жоқ дегенімен, «Қоя салсай, сөн көтеретін тақырып емес, басыңа бөле тілеп қайтесің» деп кеңес бергенсымақ болып, ақыл айт-қандар барын жасырмады. Тәуелді ортада тәуелсіздікке ұмтылған ба-балар жайында еркін қоғамда бұғып қалуға ары жібермеген автор «Жүр-геновтердің көрген тоқпағынан біздікі не тәйірі» деген көзқараспен бастаған істі аяғына дейін жеткізуге бел шеше қимыл жасады. Себебі «әдебиет – ардың ісі» деген жетекшісінің қанатты сөзі бар. Сондықтан автордың да жарты жол-дан кері қайтуға дәті бармады. Ал қазір «Мынау қоғам – сөңдерге үлкен мүмкіндік» дейді ағамыз.

Рас, қай тұлғаның болмысын ашып, жұртқа кеңінен насихаттаймын десең де мемлекет сені қолдамаса, жо-лыңды кеспейді. Аллаға шүкір, қазір Бауыржан Иманғалиев сынды белгілі ғалымдардың ізін басып, өткенді жадыда қайта жаңғырту мақсатында ілімді жобаларды қолға алып жатқан жас ғалымдар жер-жерден шығып жатыр. Бастысы, біз соларға саналы ғұмырымен һәм құнды дүниелерімен бағдаршам болған Баукеңдей ағалары-мыздың жол ашқанын жақсы білеміз.

Біз есіресе қоғам қайраткерінің өрлігін, ерлігін, ұлтқа, Отанға деген адалдығы мен өлшеусіз еңбегін насих-аттауға саналы ғұмырының басым бөлігін сарп еткендіктен, кейіпкеріміздің тек Жүргеновтану жолындағы бір ғана қырына тоқталдық. Болмаса ағамыздың өз бойында басқа да ізгі қасиеттер жоқ емес.

Бауыржан Иманғалиев – елімізге танымал әдебиетші-ғалым, қоғам бел-сендісі. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қай-раткері. Бұл ғылыми дәрежелер мен марапаттар, түрлі мемлекеттік деңгейдегі шеңдердің кейіпкерімізге үлкен ізденістің, ұлтқа, елге деген жанашырлықтың арқасында берілгеніне ешкімнің дауы жоқ.

Жалағаш халқы қашанда жерлес-терімен мақтанады, түрлі саладағы еселі еңбегімен көзге түскен атпал аза-маттардан құрметін аямайды. Міне, 1970 жылы Жалағаш ауданы Аққыр кеңшарында дүниеге келген Баукең – жерлестерінің ыстық ықыласына бөленген жан. Енді кейіпкеріміздің ең-бек жолына тоқталсақ...

Бауыржан Иманғалиев әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін

үздік бітіріп, 1995-2000 жылдары ҚазҰУ-ді аға оқытушылық қызмет атқарды. 1998 жылы ҚР ҰҒА-ның академигі, Халық жазушысы З.Қабдоловтың же-текшілігімен «Темірбек Жүргеновтің әдеби-публицистикалық мұрасы» атты тақырыпта кандидаттық диссертаци-ясын сәтті қорғады. Бұл ұстаздық һәм ғылым жолындағы кейіпкеріміздің алғашқы жетістігі еді. 2000-2012 жыл-дары Алматы қаласы әкімі аппаратында бөлім бастығы, аппарат жетекшісі, Маңғыстау облысы әкімі баспасөз қызметінің басшысы, Қазақ ұлттық агр-арлық университетінде проректор қызметтерін абыроймен атқарды. Ал 2012-2017 жылдары Астана қа-ласындағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде департамент директоры, Кәсіподақ комитетінің төрағасы болды. Мұнан кейін ҚР Ауыл шаруашылығы минис-трлігінде бас сарапшы болып қажы-рығы еңбек етті. Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде де-партамент директоры, проректор, қыз-меттерін абыроймен атқарды. 2018-2022 жылдары Ыбырай Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясын-да қоғаммен байланыс департамен-тінің директоры, «Өрлеу» білім беру ұлттық орталығында кафедра мең-герушісі болды. Кейін елордадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде жауапты һәм лауа-зымды қызметтер атқарды. Ал қазіргі таңда «Эл-Фараби» атындағы ҚазҰу-дың «Журналистика» факультеті де-канының ғылыми-инновация және ха-лықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары қызметін абыроймен ат-қарып келеді.

Бауыржан Иманғалиев – ұлтымыз-ды біртуар ұлы, мемлекет қайраткері, Нарком Т.Жүргеновтің әдеби-шығар-машылық мұрасын алғаш ғылыми айналымға түсіріп, зерттеген жүрге-новтанушы-ғалым. 2001 жылы оның «Т.Жүргенов. Тандамалы. Избран-ное» атты кітабы, ал 2012 жылы «Темірбек Жүргенов» атты ғылыми монографиясы мен «Қос шынарым» атты тағы бір кітабы жарық көрді, 2 деректі фильмге бас кеңесші болды. 2013 жылы ҚР Мәдениет министрлігінің тапсырысы бойынша «Т.Жүргенов шығармалары» жинағы жарық көріп, қалың оқырманға жол тартты. Алаш ұранды ұлттық әдебиеттің, мәдени өмірдің мұқалмас жанаушыр ретінде Бауыржан Сәбитұлының 4 кітабы жарыққа шығып, түрлі тақырыптарда 100-ден аса ғылыми-публицистикалық мақаласы баспасөз беттерінде тұ-рақты жарияланды. Былтыр ағарту саласында қолтаңбасын қалдырған қайраткердің «Нарком Темірбек Жүргенов» атты туындысы жарық көріп, көзқаракты оқырманнан өзінің жоғары бағасын алды.

2023 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысымен Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай Бауыржан Сәбитұлының «Нарком Темірбек Жүргенов» атты жинағы жа-рық көрді. Еліміздегі жетекші ғалым-дардың қатысуымен өткен ғылыми кеңесте кітаптың тұсауы кесіліп, кітап-ханаларға таратылды. Тағылымды һәм тарихи туындыда 30 жылдары ха-лық арасында «Темір Нарком» атаң-ған Т.Жүргеновтің құнды мақалалары, очерктері, кітаптарынан үзінділер берілген. Бұл еңбек отандық мәдениет пен әдебиеттің тарихын зерттеуде автордың жан-жақты ізденгенін аңғар-тады. Жалпы бұл Бауыржан ағамызға тән қасиет десе де болады. Неге десеңіз, ол қай дүниені қолға алса да таңғылықты ізденісті, жауапкершілікті, табандылықты өзіне серік етті. Қазақ ғылымына да осындай қаламгерлер тұлғалар қажет-ақ. Шындығында, Ба-уыржан Иманғалиевтің бұлай еңбек ететіндей жөні бар, өйткені ол ғылым саласында жеңіл-желпі тақырыпқа қа-лам тербеген жоқ. Ел руханиятының бір бүйірін бүтіндейтін кесек дүниелерді жарыққа шығарудағы оның ізденісі,

жауаптылығы өзін абырой биігіне шығарды.

Қарымды қаламгер әлі де қазақ ғылымының, оның ішінде қазақ әде-биетінің мол мұрасын толықтыруда қарап жатқан жоқ. Мәселен, биылдың өзінде «Темірбек Жүргеновтің әдеби-публицистикалық мұрасы» және «Әдебиеттанудағы мектептер мен ба-ғыттар» атты қос еңбегі жарыққа шық-ты. Қос кітаптың қазақ руханиятын байытуға қаншалықты дем беретінін көзқаракты оқырман жақсы біледі. Алаштанушы ғалым ретінде еліміздің әр түкпірінде өтетін ғылыми-конфе-ренцияларда, семинарларда баян-дама оқып, азаматтық қоғамға өз үнін қосқан белсенді азамат әлі де ғылым саласында талмай еңбек етіп жатыр.

Биыл Бауыржан Сәбитұлының «Т.Жүргеновтің әдеби-публицистика-лық мұрасы» атты монографиясы жа-рыққа шыққанын жоғарыда айттық. Бұл еңбекте зерттеуші Ташкент, Ду-шанбе, Қызылорда, Алматы қалаларындағы орталық мұрағаттар мен сирек қолжазбалар қорында отырып, Темірбектей тұлғаның жазған еңбек-терін жинап, мақалалары мен көркем шығармаларына теориялық талдау жасаған Ғалым өз зерттеуінде нарком Т.Жүргенов тек қажырлы қайраткер ғана емес, қаламы қарымды қаламгер, ойы ұшқыр сыншы-публицист болғанын дәлелдеді.

Баукең туған жерден тамырын үзген емес, «Туған жерге тағзым!» аясында Қызылорда қаласы мен Жалағаш кентінде, Аққыр, Мәде-ниет кеңшарларында Бауыржан Сә-битұлының жерлес оқырмандармен, белсенді жастармен кездесулері ұйым-дастырылып, кітаптарының тұсауке-сері өткен болатын. Ол – қашанда ғылымға, ілімге бет бұрған талантты жастардың талабын шыңдауды өзіне азаматтық міндет еткен азамат. Білім мен инновацияда жетістікке жеткен үздік оқушыларға демеушілік жасап, жыл сайын өз атынан шәкіртақы табыстап келеді. Дәл осы дәстүр туған жерге сапарында Жалағашта да кейінгі жылдары жалғасын тапты.

Б.Иманғалиев Қазақстан Педагоги-калық Ғылымдар Академиясының кор-респондент-мүшесі, республикалық «Үздік ұстаз – 2018» сайысының жүл-дегері, қалалық «Мерейлі отбасы – 2018» конкурсының Гран-При иегері, Жалағаш ауданының Құрметті азама-ты, жастарды рухани-адамгершілікке баулып, білімді насихаттап, Алаш қай-раткерлері туралы циклді еңбектер жазды. Оның салаға сіңірген еңбегі еленді, мемлекеттік наградалар, дипло-м, алғыс хаттармен марапатталды.

Былтыр атпал азамат «Саяси қу-ғын-сүргін және ашаршылық құрбан-дары» қауымдастығының Алматы қаласы бойынша төрағасы болып сайланды. Еліміздегі жоғары және орта білім ұйымдарында, яғни уни-верситет, колледж, мектептерде түрлі кездесулерде сол тұста елдегі ашар-шылық нәубеті, репрессия кезеңі, Алаш ұранды әдебиет, тарихи-мә-дени, рухани-патриоттық тақырып-тарда жастарға ақыл-кеңесін айтып, дәріс оқыды. Алыс-жақын шет мем-лекеттерде өтетін халықаралық кон-ференцияларда баяндама жасады. Доцент Б.Иманғалиевтің көптеген шә-кірті – түрлі олимпиада және басқа да білім сайыстарының жеңімпазы.

Белгілі ғалым, жүргеновтанушы, білім саласына саналы ғұмырын сарп еткен жерлесіміз жайында жазар дү-ние көп. Биыл өлу бестің белесіне шыққан тұлғаның бойында әлі біз та-нып-білмеген қырлары да жетерлік. Бастысы, кейіпкеріміз қолға алған жо-балар, қаламынан туған тағылымды дүниелер елдің көдесіне жарауда. Ру-ханиятты, тарихи тұлғаларды, бір сөз-бен айтқанда, өткенді жастарға насих-аттауда ағамыздың әлі де жарыққа шығарар дүниесі мол.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-5 – бабының 9-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы хабарлайды.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 23 сәуірдегі шешімімен 2025 жылғы 18 мамырға тағайындалған сайлауда Бұқарбай батыр ауылдық округі әкіміне төмендегі азаматтар кандидаттар болып тіркелді.

1.Әбсаттаров Жомарт Серікбайұлы — 1982 жылы туған, қазақ, «М.Шәменов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, бас маман, М.Шәменов ауылында тұрады, «Аманат» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

2. Сәйділда Ермек Уайділдаұлы – 1988 жылы туған, қазақ, «Таң ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, бас маман, Бұқарбай батыр ауылында тұрады, «Аманат» партиясының мүшесі, «Аманат» партиясының филиалы ұсынған.

3.Тапаев Жайдар Дүйсенбекұлы – 1991 жылы туған, қазақ, «Жалағаш ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру бақылау бөлімі» КММ, бас инспектор, Мәдениет ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы

Жалағаш ауданының аудандық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының аудандық сайлау комиссиясымен Жалағаш ауданының Аламесек ауылдық округінің шекарасы шегінде Аламесек ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі аудандық сайлау округі құрылды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 8–1-тармағына сәйкес және 113–1-бабы 1-тармағының 1) тармақшасының негізінде Жалағаш ауданының аудандық сайлау комиссиясының **2025 жылғы 23 сәуірдегі №АСК-24/121 қаулысымен** Аламесек ауылдық округі әкімінің сайлауы **2025 жылғы 1 маусымға** тағайындалды.

Аламесек ауылдық округі әкімінің сайлауын өзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес, кандидаттарды ұсыну **2025 жылы 24 сәуірде** басталады және **2025 жылы 6 мамырда** сағат 18.00-де аяқталады.

Кандидаттарды тіркеу кандидаттың барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және **2025 жылы 11 мамырда** сағат 18.00-де аяқталады.

Жалағаш ауданының аудандық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №32, Жалағаш ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының ғимараты.

Телефондары: 8(72431) 31-7-19, 8(72431) 31-4-04, электронды поштасы jalsay2019@mail.kz

Жалағаш ауданының аудандық сайлау комиссиясының құрамы: Калыбаев Шарабан Мақсұтович – **төраға**, Доспанов Танатар Сағалович – **төраға орынбасары**, Қожақұлова Даша Нұрмұратқызы – **хатшы, комиссия мүшелері:** Байымбет Нұрлан Ержанұлы, Бектаева Ақбеле Алмасқызы, Құлumbaева Асия Мырзабековна, Кенжеғара Ержас Темірханұлы.

№151 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Аламесек ауылдық округі Есет батыр ауылы Кеңесбай Әбішов көшесі №26, Аламесек ауылдық округі әкімі аппаратының «Есет батыр ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты. **Телефоны:** 8(724 31) 34-3-21

№151 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: Айтимов Абдикайыр – **төраға**, Калменова Райкулъ Айтбаевна – **төраға орынбасары**, Науханбаева Лаззат Абдуллаевна – **хатшы, комиссия мүшелері** – Аманкелді Нұрбек Аманкелдіұлы, Әбдімәлікұлы Нариман, Ермаханов Нұрғазы Жақсылықұлы, Кенжебаева Ақерке Нұрсұлтанқызы.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы

Дәстүр

Біз әлемдік мәдениет пен өркениетті қалыптастыруда үлкен рөл атқарған дана ұлттың ұрпағы екенімізді мақтан тұтамыз. «Мың өліп, мың тірілген» халқымыз қалпы мен айнымас салтын, ұлы дала мәдениетінен мансұқ болған өміршең рухани құндылықтарды айна-қатесіз бүгінгі ұрпаққа мирас етіп отырғаны үлгі етерлік дүние. Ата-бабалар ардақтаған ата салтымыз бүгінде күллі түркі дүниесінің алтын қайнарындай тәлім мен тәрбиеге толы. Қазақтың тұрмыс-салт мәдениетіндегі басты байлығы қасиетті жеті саны мен өрнектелетін киелі қазынасы бар. Соның бірі – ит.

Тектілік тамыры тереңде

Адамзат басқа жануарлардан бұрын итті өзіне жақын тартқан. Баяғыдан жеткен жартас, үңгірлердегі итті ертіп, аң аулап жүрген адамдардың кескін бейнесі – соның дәлелі. Сондықтан ол да қазынаға баланған. Қазақ аңыздарында да алғыр тазыларды құмай құстың жұмыртқасынан шыққан, оның құстай жүйріктігі содан қалған деседі. Оларға тән ерекшеліктер көп. Елгезек, қозғалысы шпашан, сирақтары жіңішке, алдыңғы екі аяғының арасы сәл дөңгелеңе біткен, бітімі шымыр, жүні сұйық, танауы үшкір, тікқұлақты, жонарқасы дөңестеу, көзқарасы сергек, тұяқтары ұзын да өткір, тістері ақсиыңқы.

Мұндай тұқымды «қарғыбауын» аямай беріп асырайды. Жасынан аң ұстауға, із кесуге баулиды. Мылтық үніне де өлтеп үйретеді. Қарғыбау – күшік алудың көдесі. Асыраушы адам ит іесінің балаларына сыйлық әкеледі. Енесінің итаяғына жем салып, күшігіне сүт жалатады. Төрелер мен сұлтандардың қымбат тазысына үй ішінен орын берілген. Кілемнің үстінде жатқан асыл тазылар туралы өткен ғасырда қазақ жерін аралаған саяхатшылар жазған. Ит қотаның берекесі саналғандықтан өзгеге беруге, сатуға болмайды. Қотаныш итті «құтпан» яғни құттың басы деп өркелетіп, бағалап дәріптейді.

Жақсы ат, құмай тазы мен қатар, қыран бүркітті ұстау – серіліктің белгісі. Адамға үйренуі үшін бүркітті күні бойы қолға ұстап, жиі-жиі басынаң мойнынан сипап береді. Оны ортасынан жіппен байланған көлденең ағашқа отырғызады. Ырғалып тұрған ағаш бүркітті ұйықтатпайды.

Қыранның бір жерін ауыртып не қорқытсаң, шамданған құс іесін қақтығымен сабапалды. Сондықтан құсқа «томаға» киізеді. Әбден үйретілген бүркітті аңшы жотаның басына алып шығады. Ал серікестері айғайлап түлкіні, қоянды үркітеді. Аңшы тұра қашқан аңға оның томағасын сыпырып қоя береді. Құс алдымен аспанға самғап ұшып, жемтігіне тіл шаңылып түседі.

Тарихи деректерде Қасым хан 1520 жылы Жайық пен Еділдің арасында үлкен «салбырын» жасаған. Бұл – қазақ хандарының қигіттер мен көкерлерін жинап бір-екі айға далаға аңға шығуы. Қазақтың біз білмейтін небір рухани дүниелерін паш еткен салт-дәстүрлері нәткен көремет. Міне, осындай ұлт мәдениетінің озық үлгілері дәуір тамырындағы тектілігіміздің дәлеліндей.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Маман мерейі

Білім бұлағының шырақшысы

Кітапхана – оқырман үшін дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі, ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының құнды сырларын сақтап жеткізген, шырағы биік, парасаттылық пен білімділіктің нағыз киелі ордасы. Ал сол кітаптарды көзінің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылардың еңбегі орасан. Болашақ саналы ұрпақты тәрбиелеу жолында еңбек етіп жүрген жас мамандардың бірі жалағаштық Самал Төремуратованы айтуға болады.



Кітапханашы облыс орталығындағы №178 орта мектепте 2021 жылдан бері еңбек етіп келеді. Жалағаштағы Темірбек Жүргенов атындағы №123 дарынды балалар мектебінде білім алып, кейін балалық арманмен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің педагогикалық мамандығына оқуға түскен. Алғашында Самал аталған білім ордасына «лаборант» ретінде қабылданады. Бала кезден кітап оқуға қызығушылығы Самалды кейін кітапханашы қызметіне жетелейді.

Жас маман «кітапханашы кітапты қолға береді» деген тар ұғым орнына, қоғамда кітапханашы мамандығының қажеттілігін мойындататын оң пікірлер мен көзқарастар қалыптастыру керек деп санайды. Өйткені кітаптың құдіреттілігін терең түсіне білген жан ғана осы рухани ортада қызмет атқара алады. Сондай-ақ ол жастарды кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеуге, олардың әдеби шығармаларға деген қызығушылығын арттыруға, талғамына, таңдауына сәйкес әдебиеттерді іріктеуге көмек көрсету, оқуға деген ынтаның қысыласын көтеру өзінің басты міндеті санайды.

«Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның көз келгеніне икемділік қажет, бұл – жай күнелту, тамақ табудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шебер-

лікті қажет етеді» деген ұстанымды өзіне серік еткен Самал еңбек жолын оқушылармен ұштастырғанына дән риза.

– Қай мамандықтың болсын өз ерекшелігі мен қиындығы бар. Маған өзімнің мамандығым ұнайды. Бұл – менің өмірімді арнаған сүйікті кәсібім. Оқушылармен жұмыс, олардың қойған сұрақтары, білуге, үйренуге деген талпынысы мені шабыттандырады. Мектепте кітап оқуға құштар тұрақты оқырмандарым көп. Бала тілі бал ғой олардың мектептен шыға сала кітапханаға асығуы мені қуанышқа бөлейді. Қазіргі таңда әдеби басылымдарға сұраныс жоғарылауда. Жалпы мектеп оқушыларының оқулықтармен және көркем әдебиетпен қамтамасыз етілу деңгейі жоғары. Бүгінде барлық оқушылар 100 пайыз оқулықпен қамтылған. Кітапхана қоры жыл сайын жаңартылып, оқу процесіне қажетті әдебиеттермен қатар, оқушылардың танымдық қабілетін арттыратын көркем әдеби туындылармен де толықтырылып отырады. Нақтырақ айтсам, мектеп кітапханасында жалпы кітап қоры 22 135, оның ішінде оқулық 16 370, көркем әдебиет 5557 дана бар. Жалпы өсіп келе жатқан жас буынның кітапқа деген ынтасы өте жоғары – дейді кітапханашы.

Жас маманның айтуынша, мектепте оқушыларды кітап оқуға ынталандыру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Мәселен, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 5-7 сынып оқушыларымен Алия Жансүгіровтың 130 жылдығына арналған «Мен өзім тауда туып, тасында өстім» атты мәнерлеп оқу сайысы өткен. Сондай-ақ 1-2 сынып оқушыларымен «Наурыз-нама» онкүндігіне орай «Әжем оқыған ертегі» отбасылық ертегі оқу күні ұйымдастырылған. 3-4 сынып оқушыларының көктемгі демалыста кітап оқып, тиімді өткізуі үшін Тұманбай Молдағалиевтың шығармашылығына арналған оқу жобасы, Абайдың 180 жылдығына орай 5-7 сыныптар арасында «Абай оқулары» мәнерлеп оқу сайысы өткен. Мұнан бөлек жоғары сынып оқушыларымен «Book Lingo» әдісі арқылы көңілді үзіліс, 23 сәуір – Ұлттық кітап күніне орай Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» Readx жобасы ұйымдастырылған.

– «Жақсы кітап – жаназығы» демекші, өзім де үнемі кітап оқуға уақыт табамын. Бүгінде жастар арасында электронды нұсқадағы кітаптарға сұраныс жоғары. Мәселен біздің кітапханада электронды оқулықты оқуға барлық жағдай жасалған. Сол мүмкіндіктер арқылы қа-

лаған кітабыңызды жүктеп алып, оқи беруге болады. Оқырмандар өзіне ыңғайлы формада оқиды. Иә, мен Жалағаштағы орталық кітапханаға жиі баратынымын. Ондағы кітаптар мен үшін өте қызықты еді. Кітапханашы апайлар да бізді жылы жүзбен қарсы алып, кітап таңдауға көмектесетін. Жаңалықтардан көріп-біліп жүрмің жақында Жалағашта «Руханият» орталығының су жаңа ғимараты ел игілігіне берілтіпті. Туған жерге жол түссе, міндетті түрде орталыққа барамын, – дейді жас маман.

Сондай-ақ білім ордасының кітапхана базасында ашылған «Coworking» креативті орталықта оқырмандар үшін барлық жағдай жасалған. Креативті орталық оқушылар арасында кеңінен танылып, ерекше қызығушылық тудыруда. Мектеп оқушылары түрлі сайыстарға да қатысып, білімін жоғары деңгейде көрсетіп жүр. Мәселен, «Kıtar Kırtıary Quız» зияткерлік сайысынан мектеп оқушылары үздік орыннан көрінген. Самал осындай жүйелі жұмысының нәтижесінде қалалық, облыстық деңгейде алғыс хаттарға ие болып, абырой биігінен көрініп келеді.

Жандос ЖАЗКЕН

Байқау



Ерлікке тағзым – ұрпаққа үлгі

Биыл ананы баласына, ағаны бауырынан айырып, мыңдаған боздақты жер жастандырған зұлмат соғыстың жеңіспен аяқталғанына 80 жыл толып отыр. Бұл – жанқияр ерлік пен Жеңіс жалауы желбіреген күн. Осы орайда Мәдениет ауылдық клубының ұйымдастыруымен «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасының «АРТ уақыт» жобасы аясында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай ауыл өнерпаздары арасында «Ерліктері ешқашан ұмытылмайды» атты аудандық қойылым байқауы өтті.

Шара ең алдымен сұрапыл соғыста опат болған ардагерлердің рухына тағзым ету мақсатында 1 минут үнсіздікпен еске алумен басталды. Байқауға 9 ауылдық өнерпаздары қатысып, «Ұрпаққа үлгі болған ұлы жеңіс», «Майдангерлерге тағзым», «Анаға хат», «Ерлікке тағзым – ұрпаққа үлгі», «Қайтар маған» тақырыбы аясында жас ұрпаққа батырларымыздың ерлігі мен табандылығын үлгі етті. Өнерпаздарға ҚР Мәдениет саласының үздігі, Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Әсет Шілдебаев пен Мәдениет ауылдық клубының басшысы Алеша Тұрмаханов төрелік етті.

Ерекше қойылыммен көрерменнің қошеметіне ие болып, жеңіс тұғырынан көрінгендердің бірі – жаңаталаптық өнерпаздар. Олар сайыста «Қайтар маған» тақырыбы аясында баласынан айырылған ананың, жарын сағынған жас келіннің, жаралы әскер мен көкесін іздеген баланың мұңын жырлады.

*Ауыр жүк батты арқама тағдыр артқан,
Тек анам сезбесе екен жүзімді жанымға батқан.
Көкемді алып жөнделген суық пойыз,
Ауыр күрсініп өтеді вокзал жақтан.
Ей, сұм-соғыс, алдың ба аларыңды,
Сағыныштан мұң шалды жанарымды.
Арқасына асылып еркелеймін,
Қайтар маған, көкемді бала күнгі.*

Міне, осындай жүрек елжіретер көрініс көрерменнің жарнарына жас үйіріп, бүгінгі бейбіт заманның қадірін ұқтырғандай болды. Қазылар алқасының шешімімен «Ерлік ешқашан ұмытылмайды» тақырыбында қойылым сахналаған ақжырылқ өнерпаздар бас жүлде, Жаңаталап ауылының мәдениет үйі қызметкерлері І орын, Аққұм пен Аламесек ауылынан келген өнерпаздар ІІ орын, Т.Жүргенов пен Мәдениет ауылы өнерпаздары ІІІ орын иеленді. Ал Қаракетпен мен Жаңадария, Бұқарбай батыр ауылының өнерпаздары арнайы алғыс хатқа ие болып, сыйлықтар табысталды.

Сезім НҰР

Бәрекелді!

Алматы қаласынан ақжолтай хабар жетті. Аққұм ауылдық клубы жанынан құрылған «Сырлы сөз» көркемсөз үйірмесінің өнерпаздары Қосым Нұрлы мен Нұртере, «Айгөлек» би үйірмесінің «Бал-бала» орта би тобы мен «Көңілді ноталар» ән үйірмесінің өнерпазы Айсултан Доспол халықаралық «JAS JULDYZ» балалар мен жасөспірімдер арасында өткен өнер байқауынан бас бөйге еншіледі.

Тарихы тереңде жатқан Аққұм ауылынан бүгінге дейін бұлбұл дауысты әнші де, мың бұралған биші де шыққанын жақсы білеміз. Бүгінде өнерлі өрендер алдыңғы аға-апаларының салған сара жолын жалғап, талай додада жеңіс тұғырынан көрініп келеді. Ауылдағы мәдениет ошағын халық шығармашылығын дамыту мен ұлттық өнерді насихаттауда халыққа қалтқысыз қызмет көрсетіп келе жатқан жиырма жылдан астам тәжірибесі бар, ҚР мәдениет саласының үздігі Гүлжайна Айтжанқызы басқарып келеді.

Білікті басшының айтуынша, мұнда ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Сырлы сөз» көркемсөз, «Айгөлек» би тобы, «Көңілді ноталар» ән үйірмесі, «Балдәурен» домбыра тобы, «Ақмаржан» қолөнер

тобы, «Ақ келін» хор ұжымы, «Қазына» ардагерлер хор ұжымы, «Жас өрен» балалар хор ұжымы үйірмелері жұмыс жасайды.

Үйірме жетекшілері ауыл өнерпаздарының шығармашылығын шыңдап, қабілетін арттыру мақсатында жүйелі жұмыс атқаруда. Нәтижесінде олар республикалық «Үздік ауылдық мәдениет үйі» номинациясын жеңіп алған. Үйірме қатысушылары тек ауыл сахнасында өнер көрсетіп қоймай, аудандық іс-шараларға белсене қатысып, үнемі шығармашылық ізденіс үстінде жүреді. Жалпы ауылдық клубтың жеткен жетістігі аз емес.

– Үйірме қатысушылары облыстық, республикалық, халықаралық байқауларда ел мерейін үстем етуде. Олар былтыр 18 республикалық байқаудан



Жас өрендер жеңісі

жеңіспен оралса, облыстық 8, аудандық 7 байқауда топ жарды. Ал жыл басынан бері халықаралық 4, облыстық 2, аудандық 3 байқаудан жүлделі орыннан көрінді, – дейді мекеме басшысы.

Өткен аптада Алматы қаласында өткен «JAS JULDYZ» халықаралық байқауында да ауыл жастары қарсыластарынан оза шауып, бас жүлдемен оралған. «Айгөлек» би үйірмесінің жетекшісі Арайлым Қуаныштың айтуынша, мұнда би залы ауылда «Балет және ұлттық би өнерін дамыту және қолдау қорының» демеушілігімен жабдықталған. Қазіргі таңда үйірмеге 36 оқушы қатысады. «Айгөлек» би үйірмесінің «Бал-бала» би тобы үлкен орта, кіші топтан тұрады. Аталған жарысқа 10 өнерпаздан құралған ортаншы топ қатысып, «шалққыма» қазақ биін нақышына келтіріп орындаған. Нәтижесінде 30-ға жуық би тобы қатысқан сайыста қарсыластарынан оза шауып, бас жүлдені жеңіп алды.

– Бұл биді осы конкурсқа арнайы дайындап шығардық. Жалпы қазақтың ұлттық билерінде халықтың әдет-ғұрпы, өмір сүру салты терең мағыналы козғалыстармен, әсерлі ритммен және ұлттық музыкамен көркемделеді. «Шалқыма» бийде өнерпаздар қарапайым қазақ қызының бейнесін көрсетеді, – дейді үйірме жетекшісі.

Ауыл жастарының талантын 2019 жылдан бері шыңдап келе жатқан білікті маман Арайлым Қуаныш бұл сайыста кеудесіне арнайы «Үздік ұстаз» тәгбелгісін таққан. Айта кетейік, «Бал-бала» би тобы аудандық «Сыңары би өлемі» атты байқаудан және «Тұлға» биі – елге сыйым» сайысынан І орын, облыстық XXVI «Бозторғай» балалар шығармашылығынан ІІІ орын, республикалық «Тау деген ана, туған дара тұлға» атты балалар өнер байқауы мен «STARMEN» өнер байқауынан да І орын иеленген. Сонымен қатар олар – XIV облыстық «Ботақан» телефестивалінің былтырғы лауреаты. Олардың қоржынында «Шаттық», «Шалқыма», «Сылқым», «Домбыра», «Мики маус», «Брови» атты қазақ және заманауи билер бар.

Менің жүйрік тұлпарым. Самғап ұшар сұңқарым. Туып өскен жеріме, Жеткіз мені тұлпарым.

Ей, тұлпарым, – деп сайыстың ән көзенінде Бота Бесенованың «Тұлпарым» әнін әндеткен жас өнерпаз Айсултан Доспол – «Көңілді ноталар» ән үйірмесінің қатысушысы. Ән арқылы ауылына, ата-анасына сағынышын жеткізген ол ауыл абыройын асқақтатып, жеңіспен оралды.

– Айсултан – мектепалды даярлық тобында білім алады. Жасы 5-те. Үйірмеге келгеніне 2 жыл болды. Өзінің талантының арқасында үлкен белестерді тәсбелгісін алған. Айта кетейік, «Бал-бала» би тобы аудандық «Сыңары би өлемі» атты байқаудан және «Тұлға» биі – елге сыйым» сайысынан І орын, облыстық XXVI «Бозторғай» балалар шығармашылығынан ІІІ орын, республикалық «Тау деген ана, туған дара тұлға» атты балалар өнер байқауы мен «STARMEN» өнер байқауынан да І орын иеленген. Сонымен қатар олар – XIV облыстық «Ботақан» телефестивалінің былтырғы лауреаты. Олардың қоржынында «Шаттық», «Шалқыма», «Сылқым», «Домбыра», «Мики маус», «Брови» атты қазақ және заманауи билер бар.

Менің жүйрік тұлпарым. Самғап ұшар сұңқарым. Туып өскен жеріме, Жеткіз мені тұлпарым.

Ей, тұлпарым, – деп сайыстың ән көзенінде Бота Бесенованың «Тұлпарым» әнін әндеткен жас өнерпаз Айсултан Доспол – «Көңілді ноталар» ән үйірмесінің қатысушысы. Ән арқылы ауылына, ата-анасына сағынышын жеткізген ол ауыл абыройын асқақтатып, жеңіспен оралды.

Қосым ақын Кәкімбек Салықовтың «Тіліңді қорға, қазағым» өлеңін мәнерлеп оқыған.

– Үйірме 2013 жылы құрылды. Қатысушылар әртүрлі дәрежедегі байқауларға қатысып, жүлделі орын иеленуде. Атап айтсам, Бисен Нұрсұлтан, Жалғас Шахмардан, Бектурған Нұрдана есімді шәкірттерім «Ұстаз – ана» атты облыстық жазба ақындар байқауынан ІІІ орын, республикалық «Оян, қазақ!» атты Міржақып Дулатұлына арналған шығармашылық байқаудан І орын иеленді. Ал Әбдіжәлел Бөкпұртың 85 жылдығына орай «Тұлға, қайраткер, қаламгер» атты облыстық ақындар мүшайрасынан Шілдебаева Жанар ІІІ орын иеленсе, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай өткен «Ерліктері ешқашан ұмытылмайды» атты аудандық қойылым байқауынан үйірме өнерпаздары ІІ орын иеленді, – дейді үйірме жетекшісі Даража Доспан.

Иә, аядай ғана ауылдағы мәдениет үйінің тізе берсек, жетістігі көп. Қай үйірмені алып қарасақ та жетекшілердің ізденісі мен өнерпаздардың жетістігін аңғаруға болады. Бұл – өріне, ең алдымен кәсіпорын басшысы бастаған ұйымшыл ұжымның ерен еңбегінің жемісі.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:

СЫРМЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №684